


12017  
1266к

ҚАБЫЛ БОРАНБАЕВ



**САРЫАРҚА – АЛТЫН БЕСІГІМ**  
(Таңдамалы өлеңдер топтамасы)

АСТАНА  
**2015**



# ҚАЗАҚ ХАНДЫГЫНА **550 ЖЫЛ**

РОССИЯ





# ҚАБЫЛ БОРАНБАЕВ



## САРЫАРҚА – АЛТЫН БЕСІГІМ (Тандамалы өлеңдер топтамасы)

Оңтүстік

АСТАНА 2015

*Атам Қабыл ақының 100 жылдығына орай  
осы кітапты құрастырып, жарыққа шығару  
жолында көп ізденип, жемісті еңбек еткен  
Мұрат Мұсайбекұлы Әбдірахманов пен оның  
зайыбы Нәдия Ахметзия қызына атамың  
артында қалған үрпақтарының және барлық  
адал ниетті ағайын - тұғандардың атынан  
шын жүректен алғысымды білдіремін.*

*Немересі Арман Боранбаев*

## **ДОСТАРҒА – АЛҒЫС**

*Өмір – дастан білгенге, өмір – өзен,  
Талай аbzал өтті гой бұл дүниеден.  
Қалдырып өлең- жырмен өсуетін  
Жұман тегі Қабыл да өтті өмірден.*

*Боранбай – әкесі оның сері болған,  
Біреу білмей, бұл жайды біреу білген.  
Риза етіп өнерімен дос-жаранды  
Күй шертіп, әуелетіп ән шырқаган.*

*Бәрі енді аян болар оқырманға,  
Ескерткіш болып қалар үрпақтарға.  
Мың алғыс Қайрат, Мұрат достарыма  
Хаттаған асыл сөзін кітаптарға.*

*Жүрекжарды бұл сөзді айтуда міндет,  
Алтын қалам ұшынан шыққан ниет.  
Үрпақтарың ержетіп, өрге озсын,  
Ата-баба Әруағы жүрсін жебеп.*

*Сауле Әннесқызы Төржсан.*

**00340606**

## АЛҒЫСӨЗ

Дарынды қаламгер Қабыл Боранбайұлы патшалық Ресей дәуірінде 1915 жылы шілденің 1-де Баянауыл өнірінде дүниеге келіп, 1978 жылдың 5 наурызында Қарағанды облысының Жаңақала ауылында өмірден өтеді. Небәрі 63 жасында фәниден бақыға озған ақын кейінгіге көркем жыр жолдарымен әсерлі де шынайы образдар жасап қалдырды. Тұып-өскен елі мен жеріне, Ұлы Жеңіске, балаларға, әзіл-сыққа, аударма саласына арналған өлең-жырларының әрқайсысы бір төбе. Әр жанры бір-ер томға лайық. Кезінде солай болған да екен. Қазірде оларды іздеп табу да мүмкін емес.

Сөз болып отырған жағдайлар ескеріліп, әрі ақынның жанашыр туыстарының қалауы бойынша оның 100 жылдық Мерейтойына арнап осы жинақты жарыққа шығарып отырмыз. Жинақ ақын творчествосына талдау жасаған авторлық мақаладан соң, естелік лебіз-тілектермен жалғасады. Әрі қарай онда ақынның 150-ден астам өлең-жырлары мән-мағынасына орай хатталып берілді. Оның үштен бірі балдырғандарға арналған. Кітапқа ақынның шыққан тегінен мәлімет беретін ата-баба шежіресі мен сол дәуірдегі поэзия тарландары, ағайын-туғандары, досжарандарының фотосуреттері енгізілді.

Қабенің елге айтыскер ақын ретінде танылғаны да мәлім. Ол кезде ақындар айтайын дегенін үлкен мерекелі жиындарда жазып алған келіп, тындаушы назарына ұсынатын. Алдын ала дайындықтан болар, сөздері терен, сыйндарлы болып, талайлардың өз ұйымы үшін намысын қоздырып, еңбек майданында жіберілген кемшиліктерді жоюға, жемісті еңбекке жетелейтін. Олардың да көбі сақталмапты. Бір жақсы айтысы ардагер журналист Қайрат Әбенниң «Есімі ел есінде» атаулы кітабына еніпті. Сондықтан оны қайталап беруді жөн көрмедік.

Кітап негізінен ақынның қызы Сайран мен немересі Арман Боранбаевтар табыстаған материалдар бойынша құрастырылды. Оны баспаға дайындау барысында ерлізайыпты Кенес пен Сәуле және олардың баласы Арман Жұманов, ақынның ұлы Тұрсын белсенділік танытып, ісіміздің алға басуына мұрындық болды.

Осы іспепті іглікті іс-шаралардың нәтижесінде ақынның өмір жолы мен творчествоюсы жайындағы мақалалар республикалық «Қазақ әдебиеті», Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан», Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» және «Ертіс дидары», Петропавл облыстық «Северный Казахстан», Астанада шығатын «Тәртінші билік», аудандық Бұқар жырау жарышысы» атаулы газеттерде жарық көрді. Олардың бәрінің де басшы және қосшы қызметкерлеріне ізгі ниетпен алғысымызды білдіреміз. Кітаптың оқырман қауым мен балғындар жүргегіне жол табарына сенеміз.

*Мұрат Әбдірахманов*

**ЕЛІ АРДАҚТАҒАН  
МАЙДАНГЕР АҚЫН**



## **ЕЛІ АРДАҚТАҒАН МАЙДАНГЕР АҚЫН**

(Қабыл Боранбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай)

*Ақын олді демеңдер,  
Қалды артында олеңдер.  
Өлең тірі тұрганда  
Ұмытпайды орепдер.*

Бұл Қабыл ақынның шумағы. Өмір бойы өлең өрнегін оюлап, адам болмысына өнегелі жыр үлгісін мөрлеп қалдыруды арман еткен жанның сөзі. Ақын дәуір тынысын, қоғам мен адам өмірінің ғажайып рухани әлемін ұрпақтар жүргегіне жеткізуші ерек тұлға. Қабыл ақын да осындай жаратылысы бөлек дарын иесі болғаны мәлім. Туғанына 100 жыл толса да, оның есімі ел жадынан өшкен жоқ. Қайта қаламгердің жарқын бейнесі бодандық құрсауынан босанып, азаттыққа қол жеткізген елімен бірге жанғырып, шығармаларына деген сұраныс та арта тұсті.

Қабыл Боранбайұлы Боранбаев 1915 жылғы шілде айының 1 жүлдэзында Семипалатинск губерниясы Павлодар уезі Баянауыл ауданы Ақкелін болысының Бірінші ауылында дүниеге келген. Ауылда бастауыш білім алған соң, 1932 жылы комсомолдық жолдамамен Қарағандыға келіп, біраз уақыт шахтада жұмыс істейді. Арманшыл жас 1936-37 жылдары Петропавл педагогикалық техникумына оқуға түседі. Оны бітірісімен, жас маман Қарағандыға оралып, сондағы Киров атындағы орта мектепте ұстаздық жолын бастайды. 1937-43 жылдар аралығында Алматыдағы мұғалімдер Институтын тәмамдап, Балқаш қаласындағы орта мектепте мұғалім, Түркістан педагогикалық техникумда директордың орынбасары, Қу ауданында орта мектеп директоры қызметін атқарады.

1943 жылы Қарағанды облысының бұрынғы Ворошилов, қазіргі Бұқар жырау атындағы ауданда оқу бөлімінің инспекторы болып жүрген кезінде әскерге шақырылып, ортақ Отанымызды қорғауға аттанады. Екінші Украина

майданы, 57 армия, 14 атқыштар дивизиясы, 38 гвардиялық атқыштар полкінде кіші лейтенант шенінде взвод командирі болады. Днепр, Днестр өзендерін өрлей өтіп, Румыния, Венгрия, Чехословакияны азат ету жорығына қатысады. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысаны үшін», «Соғыстағы ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Будапештті азат еткені үшін» атты жауынгерлік медальдармен және соғыстан кейінгі жылдары майдангер ретінде бірнеше Мерейтойлық белгілермен және медальдармен марапатталады.

Үш жыл бойы қанды қасап – ауыр шайқастарда екі рет өміріне қауіпті жарақат алған жауынгер ақын 1946 жылы елге аман оралып, бейбіт өмірге, енбекке араласады, ұстаздық шығармашылық жолында елеулі жетістіктерге жетіп, «Оқу ісінің үздігі» белгісімен марапатталып, ел құрметіне бөленеді. Соғыстан кейінгі 1946-50 жылдары «Пионер» журналы редакторының орынбасары, 1950-52 жылдарда Алматы қаласындағы №18 орта мектепте мұғалім, 1952-55 жылдары Қарағанды қаласында Радиокомитеттің бас редакторының орынбасары, 1955-56 жылдарда Ворошилов ауданының аудандық білім беру бөлімінің инспекторы болып істейді. 1956 жылдан өмірінің соңына дейін Жанакала мектебінің директоры, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі болып,abyrojy-bedelge ie болады. 1978 жылдың 5 наурызында ақын фаниден бақыға озады.

Қазақ ұлттық поэзиясының өркендер дамуына Қабенниң қосқан үлесі қомақты әрі әралуан. Әсіресе, балалар әдебиетінде ақын сөзімен айтқанда: «қалдырыған ізі «мәңгілік». Кезінде отандық қalamгерлер ұйымының да оның осы қасиетіне айрықша мән беріп, бөле бағалағаның құжаттар растайды. Ақынның 60 жасқа толуына ораі «Орталық Қазақстан» газеті ұжымындағы серіктестерінің:

*Жастайынан жақын жүрген балага,  
Агартуыш – білім қүйгап санаға.*

*Ұстаз, ақын, һам жсауынгер, журналист,*

*Майдан кешікен оқ бораган далада,* – деп келетін өлең жолдары ақынның фәни дүниеде шыққан биігі мен қалдырған ізінің сипаттамасы іспетті. Иә, бала тілі - балдай. Расында да, бала тілімен «былдырлау», бала миымен қимылдан, бала жүргегімен сезіну – бұл Тәңірдің сөз зергеріне о бастан дарытқан сирек қасиеті. Содан да болар, ел ішінде оны: «Жас дәуренді жырлаған» - деп, ерекше қастерлейді. Оның кейіпкері қөбінесе мектеп жасындағы өскіндер. Басты тақырыбы – балғынның оқу ошағында толымды білім алып, өнегелі тәлім-тәрбие көріп, өсіп жетілуі. Жеткіншектің қоршаған ортасы да ұстаз назарында. Бәрін жинақтап, баспадан шығарса, бір кітапқа жүк болғандай. Бұған бір-ер мысал. Мәселен, куанышқа бөленген балдырғанның асқақ сезімін ақын:

*Әксе, әксе! Жүр көшеге,*

*Ту астына тұрайық.*

*Мейрам, міне, думанды күн,*

*Көппен сайран құрайық!* – деген сияқты әсерлі сөздермен оқырман назарын баурап алады. Келешекке мамандық таңдай бастаған жеткіншек ұшқыш, теңізші, инженер, дәрігер мамандықтарын ойша тізбектей келе:

*- Оқытуши болсам ба еken?*

*Сансыз бала сүйер сыйлап,*

*Өскенде олар ұстазым деп,*

*Көрсө маган тәжім қылмақ* – дей отыра, мамандықтың қайсы болса да жақсы деген ой түйеді. Осы орайда ақынның «жүрекке жылы, ойға жеңіл» өлеңдерін мектеп оқулығына енгізу мәселесін ойластырған жөн секілді. Аталмыш газет ақынның 90 жылдығына айқара бет арнап, оны сол өнірдің қаламгері Аман Жанғожиннің «Ардақтады ақынын туган жері тойлады» деген мақаласымен ашып, немере інісі Ертай Рауандиннің «Жүрегі ыстық жасыннан» атты өлеңімен жалғастырады.

*Ақын қайда ақбоз атты кешегі,  
Жыр додада жібермеген есені.  
Үрпактарға мұра болып есімі.*

Тарихтардың қойнауына қошеді, - деп, Ерекен ақын тұлғасын үрпактары алдында асқақтата түседі. Бұдан әрі профессор Дүйсетай Шаймұхановтың «Балғындар жүргегіне жол тапкан», ардагер журналист Асығат Темірбаевтың «Халықпен бірге мәңгі жасайды» атты естелік сөздері беріліпті. Асылы, осы баспасөз құралы ақын мұрасын паш етуде алдына жан салмай келеді дер едім. Мұны жанағы арнау беттің өте келісімді, мәнді де сәнді келбетінен-ак байқадық. Одан ардақты ақынның асыл бейнесі арамызға қайта оралып келгендей әсер аласыз. Бәрі де орын-орныша тап тұйнақтай етіліп, үйлесімді орналастырылған. Шығарушы мен фототілші Ж. Иманәлі де талпыныс жасап, ондағы 10 сурет пен ән сазының орынын тауып қойыпты. Эн әуені ақын әрі сазгер Шыныбек тегі Қалиасқардікі екен. Ол бұдан бұрын да бір-ер өлеңіне ән шығарыпты.

Қазакем: өмірден өткен ағайынға ас беріліп, есімі имани жолмен еске алынбаса, «жоқтаушысы жок» деп жатады. Осы сөзді Қабекене телісек, күпірлік болар еді. Ақынның бірде-бір мереілі жылы өз елінде атаусыз қалмаған екен. Мәселен, оның 80-90 жылдығына барлық ағайындары белсene атсалысып, солардың ішінде Сапария аксақалдың үлкен баласы Қалиолладан туған Сабыр есімді немересі көп жағдайда қол ұшын беріп, қамқоршылық жасап жүргені ел аузында. Ал оның Жанақалада өткізілген 95 жылдық Мерейтойна Кенес Жұманов отбасының шақыруымен қатысып, ақынның жауқазын жырларын балғындар лебізінен сүйсіне тындағанымыз есімізде.

Қабыл Боранбайұлының қаламалды тұнғыш туындылары «Қарағанды пролетариаты» газетінде басылып шығады. Кейін «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан», «Әдебиет майданы» тағы баска газет, журналдарда жарық көреді. 1949 жылы тұнғыш жинағы

«Дәурен», одан кейін «Ант» (1950), «Дос отряд» (1955), «Балалар шаттығы», «Жаңарған жазық» (1962), «Тапқыр бала», «Дән дария» атты өлең жинақтары өмірге келеді. Бұлардың басым көпшілігі балаларға арналып, мазмұны қызықты уақығаларға толы, ұфымға жеңіл де жайдары өлеңдер қатарынан орын алады. Оның жоғары талғамды аудармалары да кезінде әріптестері мен оқырманның лайықты бағасына ие болады. Қазак тіліне ол Некрасов, Маяковский, Исаковский, Симонов, Гафур Гулям сынды ақындардың өлеңдерін, И.Василенконың «Звездочка» повестін, тағы басқа заман тынысының айнасындай, көкейкесті саяси-әлуметтік туындыларды қазак тіліне аударып, есімі ел аумағына әйгілі болады. Орыс тіліне аударылған шығармалары да барышылық. Бұл орайда отандас ақындар Федор Моргунның «Хантағы» балладасын, В. Копытинның «Майкаин» өлеңін айрықша айттар едік.

Қабыл - коммунист жазушы. Сондыктan оның өлең сөзі осы тұрғыдан өрілуі заңды. Әрі жасампаздығы замана тынысына сәйкес болуы шарт. Оның үстіне өзінің ақындық өнерге біржолата бой ұрып, қалам тартқан шағы жалпы қазак ұлттық әдебиетінің іргетасы жаңадан қалана бастаған азапты кезеңіне дөп келеді. Бұл ақын-жазушы қауымының идеология саласында бітіспес майдан ашып, тынымсыз арпалысқа түскен шағы еді. Сол бір «арсыздай» заманда талай арыстарымыз атылып, мерт болды, зынданға қамалып, итжеккенге айдалды. Бәрінен де оның індепті дерті үрпактар санасын уландырып кеткені жанға батады. Осы бір қылы кезеңің кермек дәмін татпағандар қазак әдебиеті әлемінде сирек болар. Қабенің де оның улы жебесінің құрбаны болып кете жаздағанын білеміз. Бұл жайында өзі:

*Көтерермін жырыдың туын,  
Қамықпастың, жасалықпастың.  
Жалған сыншы айқай-шуын  
Жырмен бұзам бейне тасқын, - деп толғанады.*

Ақынның жыр додасында да өзіндік таңбасы бар. Бұл орайда оның өзі мекен еткен ата коныс аймағының намысы үшін, айтыстарға қатысып жеңімпаз атанып, халқының құрметіне бөленгені белгілі. Ауыл арасында оны «орак ауыз, отты тілді, айтыс десе, жарыс сайгұлігінде аркасы қозады» дейді екен. Ол кезде еңбек жемісін арнағы жиын-тойларда атап өту дәстүр болды ғой. Ақындар да оған жақсы дайындалып келетін. Осындаи бір мерекеге бәсекелес ауданнан арнағы келген айтыскер ақын Көшен Елеуовтың:

*Бұл дәуір ойлайтұғын дәуір емес,*

*Пайданы әркім өзі бас қамына.*

*Ренжідім жолда көріп жүгеріңді*

*Сіңірмей топыраққа шашқапыңа, -* деген өктем үнді сөз тастамына Қабыл ақын:

*Жараспас жасы үлкенге өктем келіс,*

*Әрине, бұл сөзіңіз өткендері іс.*

*Дегенмен, айтыңызы, аулыңызыда*

*Неліктен созылды ұзақ қоқтемегі егіс?* - деген ұтымды жыр жолдарын алдына тартады. Әрі қарай Қабен қанатты Керқұла аттай әуелеп, бәсекелестер тарапынан жіберілген тағы бір-ер кемшілікті келтіріп, карсыласының мысын басады. Осы әдемі айтыс «Алтын күз» жинағында толық беріліпті. Сондағы жарасымды жыр жолдарымен, көркем сез алмасу үлгісімен бүгінгі жас таланттарымыз да танысып, біле жүргені абзal.

Дарынды жыр тарланының философиялық, психологиялық толғаулары мен өмір өткелдері жайында толғамдары да өте толымды. Кеше мен бүгін, жақсы мен жаман, қас пен дос, адал мен арам, өмір мен өлім тәрізді қосарлы да қоспақты ұғымдар мен түсініктер төнірегіндегі ойтолғамдары өрелі.

*Заман өтер, ет қашып, азар денең,*

*Өмір қошер - тап кеше базар деген.*

*Сонда тулап жайындаи төңіздеғі*

*Тыным таппай бұл Қабыл жазар олең, - деген*  
жолдар карттардың бүгінгі болмысын көз алдыңызға  
келтіріп, аяныш сезімін тудырса, ары қарай ақын кәрілікпен  
келген азапты шакқа мойымай, қалған ғұмырымды  
жырыммен жалғап, мәнгілік етемін дегендей ойды мензейді.  
Қабенін бұл бағыттағы ойлары терең, сөздері болат  
семсердей өткір.

*Адамның қасы да бар досы да бар,*

*Іштерінде берігі, босы да бар.*

*Желіккенде бурадай жын билеген*

*Арасында кәрі мен жасы да бар, - деп келетін сөз*  
тіркестері осының айғағы. Кезінде Қасым, Жұбан, Сәбит,  
Сырбай, Сайын, Тайыр, Гафур, Қалижан, Мұзафар, Қайнікей,  
Ізтай сынды жыр тарландарымен иін тірісе қазақ поэзиясы  
әлеміне жүрек сазын жарыса қосқан дарынды ақын бейнесі  
бүгінде өзінің алуан қырынан жарқырай көрінеді. Мұхтарды  
пір тұтып, ұлы хакім Абайға еліктеп жазғандарының өзіндік  
танбасы бар. Десек те, «сүрінбейтін тұлпар жоқ» дегендей,  
оның өмірде шалыс басып, қапыда мұлт кеткен шағы да жоқ  
емес. Өсіреле, өзі ардақ тұтқан дауылпаз ақын Қасымға  
қатысты. Алайда ол өзінің тектілігінің, қайсарлығының  
аркасында сол кездегі биліктің жымыскы саясат құрсауынан  
тез азат болып, жіберген қателігін жырымен мойындал,  
райынан қайтады. Бұған «Көп еді ақын достарым» атты  
өлеңінің мына бір шумақтары дәлел.

*Қызыстырган қыиннан,*

*Ақынның Қасым данасы.*

*Шыгармас атын миынан*

*Казақтың осы баласы.*

*Дауыл еді өзі де*

*«Дауыл!» - депті сөзін де.*

*Жыр тасқыны тұратын*

*Қыранга біткен кезінде.*

Тегі, осы жыр жолдары ешкімді де бей-жай қалдырmasы хак. Оның әр дыбысынан дауылпаз үні есіп тұрғандай. Мұндағы басқа достары жайында айтқандары да іші-бауырынды елжіретіп, жадыңа сұранып, санаңа саялап, жүрегіңе конады.

*Пышақтай кесіп айтатын,  
Әділ бар ма, Сайындай?!  
Қайсар еді, ер еді  
Қымылдаитын тайынбай.*

*Жалпыға жібек майда еді,  
Күн көрікті Тайырым.  
Тұла бойын толтырган  
Адамга деген қайырым.*

*Біліміне қарасаң,  
Биігі еді биіктің.  
Сөзі шалқар, өзі асыл,  
Қайнікей бір сүйіктім.*

*Ізтайдың сұлу жырлары,  
Шуақ еді, жылды еді.  
Арамызды жүргенде,  
Арқадан қағар ұл еді*, -деп келетін өлең шумактары нағыз тектілер мен тарландар жөнінде емес пе?! Осы орайда тағы бір өлең жолдарын аттап өте алмадық. Ол келесідей өріледі.

*Кешір мені күн еңкеймей тұрғанда!  
Жолыгайын Қайнікейге, Сырбайга.  
Көкірегім неткен сонша тар едің  
Сагынышым бара жастыр сыймай да.*

*Сагындым-ау, Мұзапардың әзілін,  
Ғафу да бір шын сүйікті әз інім.  
Алдарыңнаи аппақ баспен шыгар ем,  
Келсендерші жырга бөлеп жаз күнін.*

Текті демекші, өзі де бітімі асқар таудай, ғарышта жүлдзызы әуелеген ғұлама ғалым, ұлы Қаныш Имантайұлы Сәтпаевпен аталас, ауылда, құдандал болған. Төскейде малы, төсекте жаны бірге дегендей, ата-тегі де сол арғынның Сүйіндік тармағының Қаржас тобынан. Кіндік қаны тамған бабалар қонысы да Баянтау баурайындағы Қаныш аға ауылы Тендіктен 30 шақырымдай жердегі «Бапық қорасы» деген елді мекенде екен. Қабылдың зайыбы Құлпат пен Кеңестің шешесі Гүлмәрия екеуі апалы-сінлілі, ғұламаға жиен қарындастар. Ақынның анасы Ханша ханым да «талайларға армандай болған» Ерейменнің эйгілі қанжығалы руының тумасы екен. Жұбайы Боранбайдан небәрі 23 жасында 4 баламен жесір қалған ару ана ақыл-парасатының, табандылығының арқасында елін бірлікке ұйыстырып, соғыс алапатынан ауыр нәубетке ұшыраған халықты аман алып қалу жолында жан аямай тер төгеді.

Аяулы ана ұрпағын өкпек желден, кесірлі сөзден, бәлелі көзден қорғап, көптеген иғілікті қадамдарға ұйытқы болады. «Мінез – нағашыдан» дейді ғой, дана халқымыз. Қабыл бойындағы қайсарлық, батылдық, өрлік қасиеттер Қанекеңмен қоса осы анасынан дарыған-ау деп болжаймыз. Сонымен қатар ауылда ақынның Рамазан Жанұзақұлы есімді, бүгінде жасы сексеннің сенгіріне шыққан немере бауыры тұрып жатқан көрінеді. Ел аузында Жанұзақ ата қасқырды інінен жалаң қолымен алыпты деген аңыз да бар. Рекенің әлі де дені-басы сау, жүріс-тұрысы мығым, ойы сергек ақсақал. Үйінде дәм татқызды. Қабылды сағына еске алады. Сонда екеуінің бір-біріне деген ерекше ілтишаты, өзара ықпалы болғанын әр сөзінен сезгендей болдық. Ұлы Женістің 70 жылдық Мерейтойы, Төл тарихымыздың айшықты 550 жылдығы қарсанында осы қатарлы «дария көңіл, тау мұсін» қарияларды сөйлетіп, олардың лебізін мұрағатта қалдырсақ, нұр үстіне нұр болары хақ.

Кез келген қофамның жемқорлықпен күресуі зандылық. Кенес Үкіметі дәуірінде де солай болған. Бірақ ол кезде

«Ебін тауып екі асап», жоқ жерден күмпіліп шыға келетін көкір-шүкір байсымақтарды қаламгерлердің өзі-ақ тезіне салатын. Қабыл ақын да сондай болған. Оның өткір жебесі нысанасын мұлт жібермей, дәп тиіп отырған. Осы орайда ақынның мына өлеңіне зер салсақ:

*Дұғай сәлем, Ақбаев, бетіңізден қақпайық,  
Жақсы- жаман ісіңді - ішімізде сақтайық.  
Асаганды астықтан, еш пендеге айтпайық,  
Жаңа тұган бұзауың - өгіз болып бір айда,*

*Таптың одан көп пайда, енді бізге алайма* – деген сияқты өткір сықақ сөздері ұры-қарыны, ауыл алаяғын, жемқорларды әшкерелеп, мазақ етеді. Бұл қатарға «Бір қызыға», «Бір мықтыға», «Көленкө мен Көкен», «Шәктайдың шатағы», «Біздің ауылдың бухгалтері» тағы басқа туындыларын жатқызар едік. Базына-баян, өкпе-наз, әзіл-оспақ, ойын-кулкі бағытындағы туындылары да қазіргі замана талабына сай келіп, «мен мұндалап» қолданысқа сұранып тұрғандай.

Қабекең оқ пен оттың ортасында «жан алысып, жан берісіп» жүрген кездерінде де ойларын қағаз бетіне түсіруін тоқтатпаған. Мәселен, оның:

*Согыстың ардагері шықты саптан  
Сол согыс болмасынши қарғыс атқан.  
Еңбектің ардагері құрыш сапта,*



*Еңбек қамал – жеткізер зор мақсатқа!* – деп, соғысқа лағнет айтып, бейбітшілікке ақ жол тілейді.

Осы тақырыпта «Анама» деген өлеңіндегі:

*«Зар жылап отырмысың қайран ана,*

*Көкірегің шерге толып, уа, дарига»,* - деп келетін өлең жолдары әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сағыныш сезімінің, оны көре алмай кетемін бе деген уайым-дертінің айғағындаидай. Сондай-ақ, сұрапыл соғыс жылдары жазылған «Төлеутайға» (Ақшолақовқа арналған), «Жарыма», «Женіс», «Батыр қызы» сияқты өлеңдері оның талғамы биік, сезімі сергек, нәзік жанды лирик ақын екенін танытатын таңдамалы

туындылары деп білеміз. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жырларын – ерлік жырлары деуге тұрарлық. Олар - жас үрпакты отансүйгіштікке, батылдыққа баулитын, өмірлік жырлар.

Қабыл Боранбайұлы Кеңестік және Отандық қаламгерлер ұйымының 1949 жылдан бергі толыққанды мүшесі. Есімі 1969 жылы «Писатели Казахстана» кітабынан ойып орын алыпты. (76 бет). Ақын-жазушылардың Кеңестік және республикалық съездерінің делегаты, 1988 жылы «Алтын күз» жинағы жарық көреді. Оған 92 өлеңі мен «Дала батыры», «Өмір белестері», «Айжан» атты үш поэмасы енгізілген еken. Қабыл Боранбайұлы жазып қалдырган өлең-жырлары мен өмір жолына қатысты естелік заттар Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданының осы атаулы мұражайында сақтаулы. Мұндай құнды жәдігерлерді естелік үйіне ақынның қызы Сайран Боранбаева ханым өз қолымен әкеліп табыстаған көрінеді. Оған Қабекеннің кезінде Қаныш Сатбаев атындағы Ертіс-Қарағанды каналы басқарма ұжымының бас маманының бірі болған Арман есімді немересі де өзіндік үлесін қосса керек. Тұрсын және Серік есімді екі ұл баласы және ағасы Рауанданың Қалкен есімді баласы қазірде зейнеткерлік жасына жетіп, Қарағанды қаласында тұрып жатқанынан хабардартмыз.

Немере інісі Кенес пен келіні Сәуле Әнесқызы да ардакты ағаларының алдындағы туыстық һам адами борышын өтеу барысында көптеген игілікті істер тындырып жүргенін білеміз. Мәселен, олар Кенес Бапықұлымен институтта дәрістес болған Кереку-Баян өніріне есімі танымал ардагер журналист Қайрат Мұзапарұлы Әбеновтың ақынның 95 жылдығына арнап жазған «Есімі ел есінде» атаулы кітабын шығарып таратуға, аудан аумағында ақын шығармашылығына арнап ғылыми-практикалық коференция өткізуге, сол тәнірекке сауын айтып, ата жолымен ас беруге мұрындық болыпты. Кітапты жарыққа шығару қаражатын өтеуге Кенес және Сайран отбасыларымен катар ағалары

Рауанда баласы Қалкеннің, Мекетай балаларының да үлес қосқанын есіттік.

Ақынның 80 жылдығына орай 1995 жылы есімі өзі қатарынан ширек ғасырға жуық директорлық лауазымда, кейін өмірінің соңғы сағатына дейін ұстаздық қызметте болған «Жаңақала» мектебіне беріліп, оның шежіретарихына алтын әріппен жазылады. Бұл арада әр кезде Бұкар Жырау ауданын басқарған Зейніл Балапанов, Тілеубек Зейнешов сынды өрелі азаматтардың, сол өлкенін мәдениет бөліміне басшылық еткен Сәуле Шибаеваның, осы саланың қызметкерлері Майгүл Аскарованың, балалар кітапханасының менгерушісі Эйгерім Искакованың, Бұкаржырау аудандық мұражайының директоры Орал Нәбиеваның есімдерін ризашылықпен атап, оларға деген өлкे жүртшылығының қөңіл хошы ұзағынан болсын дегім келеді.

Жалпы алғанда, аталмыш кітапта ақынның өмірі мен еңбек жолы, оның қаламгерлік кәсіби шеберлігі, өзі жете менгеріп жетілген мамани әдіс-тәсілдері жан-жакты талданып, объективті тұрғыда баян етілген. Осы кітаптың бастау бетіне менінде оның оқырман қауымға, әсіресе жас ұрпаққа қажеттілігі жөнінде бір-ер пікірім енген еді. Онда ақынның алыста қалған қимас достарын сағынғанда ауыл жанындағы өзі сомдаған «Дала батыры» поэмасындағы акку қонған айдын көл жағасында ұзак тұрып, көп отырып дем алады екен. Соны оқығанда ойыма бір-екі ауыз өлең жолдары түсіп, соларды естелікке кіргізіп едім. Сондағы өлең жолдарын осы мақаламда да келтіре кеткенді жөн көрдім. Ол жолдар келесідей өріледі.

Тұрды ма екен әлде ол,  
Табиғатпен үндесіп.  
Жер Анамыз Ұмаймен  
Үнсіз бір сәт тілдесіп.  
Әлде алтын балықпен  
Жүрді ме екен жүздесіп.

## Сиқырлы жыр сырларын Ойласып, бірге іздесіп.

Әрі қарай онда бұрын-соңды ақын таланты оның жеке үсталиқ шеберханасында шындалып, дамып кемеліне келгені туралы автор ойлары орынды-ақ. Осы түйінді пікірді ақын шығармаларымен толықтыра түсіп, шынайы да толағай жазылған еңбекті кездестірмедік. Мүмкін ондай туынды әлі өмірге келмеген де болар. Енді оның кезегі келген тәрізді.

Бүгінде, ақынның бір ғасырлық Мерейлі жылын лайықты дәрежеде атап етіп, еңбектері түгел қамтылған 4-5 томдық жинақ дайындал жарыққа шығару - ең алдымен, қаламгерлердің еліміздегі мәртебелі ұйымы - Қазақстан жазушылар одағының үлесінде екені мәлім. Алайда, ол тараптан әзірге ешқандай іс-әрекет нышаны байқалмайды. Соңдықтан біз осы мақаланы кезінде ақынның өзі тілші ретінде ондағы ұжым мүшелерімен серіктес болған, оның есімін талай рет әуелетіп халқына паш еткен, өнірге танымал мерзімді баспа органы – «Орталық Қазақстан» газетіне жолдап отырмыз. Осы өнегелі ұжым ақсақалдар және майдангерлер атынан Қабыл Боранбаев есімін өзі еңбек жолын көмір өндіруден бастаған Қарағанды қаласының бір көшесіне беру мәселесін көтерсе, біз бұл өнегелі бастаманы бар ынта-жігерімізben қолдауға дайынбыз. Ақын ағаның өмірі, өнері, еңбек пен соғыс майдандарындағы ерлігі осы құрметке лайық деп білеміз. Мақаламыз қысқа уақыт аралығында жарық көрсө, алдағы іс-шараларға белсене араласып, жұмыла кіріскең болар едік. Бұған қоса ақынның әр кезде жарық көрген жыр жинақтарынан фрагменттер жіберіп отырмыз.

Ойшыл оқырман аңғарған болар, жинаққа енген материалға арнайы сараптау жасамай, алдында сілтеме жасаған аймақтық газетке деп жазған мақаламызды сәл толықтырып, жинаққа кіріспе ретінде беріп отырмыз. Бұның алдындағы алғы сөзде «не мақсатпен, қашан, қалай» деп келетін дәстүрлі сұрақтарға жауап беруге тырыстық.

Еңбегіміздің жемісті болуына тілектестік білдіріп, оны жарыққа шығаруға қол ұшын берген азаматтарға шын ниеттен алғысымызды білдіреміз.

*Mұrat Әбдірахманов,  
Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Астана  
филиалының жауапты хатшысы, ҚР  
журналистер одагының мүшесі.*

## ӘКЕМНІҢ АСЫЛ БЕЙНЕСІ – МӘҢГІ ЖҮРЕГІМДЕ



Әкем Боранбайұлы Қабылдың асыл тұлғасы және оның бүгінде бақилық болған барлық ағайын-туғандарының жарқын бейнесі әлі күнге көз алдынан кетпейді және мен оларды елжіреген жылы жүргіммен еске алып, шынайы адами сезіммен аруақтарына бас иемін. Әкемнің қай туысын алмасаңыз да, олардың бәрінің бойына біткен ерекше қасиет – жалпы адамға деген жылдылық және сәбиге деген аяулы ыстық сезім. Әсіресе олардың туыстық байланыстары берік. Тұрмыс тауқыметін тартқан Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі ауыртпашилық жылдары бір-біріне қол ұшын беріп, қашан да көмек көрсетуге тырысатын. Әкем және оның өзінен жасы үлкен ағасы Мекетай, сонымен қатар Баубек, Бапық, Сапария, Абылхакым есімді аталарым – бір отбасындағы болып тату тұрды. Олардың бәрі бірігіп, өмірден ерте (1944 жылы) өткен Рауанда ағасының балалары – немерелеріне қол ұшын беріп келді. Оның Ораз, Зейнолла, Зада, Сара, Қалкен есімді балаларымен біз жиі араласып, бір-бірімізді өте жақсы көрдік. Қазіргі кезде олардың да бала-шағалары ержетіп, әрқайсысы жеке-жеке үй тігіп, үрпақтан-үрпақ жалғасып келеді. Мен олардың бәрін мақтан етемін.

Соғыстан кейін біз Алматы қаласында тұрдық. Онда маған бір ұнаған жайт - әкеммен бірге Жазушылар одағына баратынмын. Ол кезде балалар бақшасы болмағандықтан, әкем мені жиі-жиі сонда алып баратын. Әкемнің әдебиеттік жолын ашып, бағыт беруде көрнекті қазақ ақын-жазушылары Қапан Сатыбалдин, Таир Жароков, Қасым Аманжоловтың ықпалы ерекше болды дер едім. Сонымен қатар ол Қалижан Бекхожин, Жұбан Молдағалиевтың, Қайнікей Жармағанбетовтың, Сәбит Мұқановтың, Сырбай Мәуленовтың отбасыларымен де жақсы қарым-қатынаста

болып, тығыз араласты. Осылардың бәрі әкемнің қаламгер жолдастары ретінде оның ақындық өнерін бірге қызықтап, оны көпке паш еткен азаматтар еді.

Мұндағы тағы бір өшпестей есте сакталған жағдайды аттап кете алмадым. Алматыда тұрганда біздің отбасымыз Қаныш Имантайұлы Сәтбаев отбасымен тығыз араласып тұрдық. Өйткені әкем ол кісінің жиен қарындасты Күлпатқа үйленген – оған күйеу жігіт болып келетін. Ал оның үлкен қызына Қайнікей Жармағанбетов (жазушы) үйленген еді. Ол ханым медицина ғылымдарының докторы, Алматыда тұрады. «Адамда бажалар дос» деп қазақ атам айтқандай, Қайнікей әкеммен өте дос болды. Қарағандыда қазірде Қаныш Сәтбаев тарапынан менің туыстарым Марияш, Шәрбан, Рахметолла Аминовтар тұрып жатыр. Мен олармен әлі күнге дейін жақсы қарым-қатынастамын. Көңілдері Қайнекене тартқан кен, қашанда мені жылы жүрекпен қарсы алады. Олардың ішінде менің анамның анасы әжем Жәмила өте сұлу кісі болған еді, ал оның ағасы Хамит – Марияш пен Рахметолланың әкесі- еңгезердей алып денелі адам болды және балалармен үлкен кісідей араласушы еді. Бір есімде қалғаны: ол кісінің отбасында қыз бала өмірге келгенде маған: «Мен де қызымының атын сенің атыңа ұқсас етіп, Сайран деп қойдым» - деген еді. Марияштың ұлы Манаrbек біздің бәріміздің ортақ мақтанышымыз. Ол 10 жыл Америкада қызмет етіп, елге қайтып, қазірде Қарағандыда банк директоры болып істейді. Ал Марияштың жиені Жібек Аминова да банк директоры, Астана қаласында тұрады.

Содан кейін біз Қарағанды қаласында, одан соң 30 жыл шамасында Жаңақала ауылында тұрдық. Әкем онда алғашында мектеп директоры, кейін мұғалім болып қызмет етті. Ол үйде де, мектепте де ешкімге ешқашан дауысын көтерген еемес. Менің есімде Қалкен Рауандаұлының анасы - Шәрбан әжем жақсы қалыпты. Ол кісі өте көрікті болатын және әкемді «мырза» деп атаушы еді, жарықтық. Бұнысы бізге де бір-бірінді қалай сыйлау керектігі туралы жақсы үлгі